

Дауларды шешу бойынша ДСҰ органының ерекшеліктері

С.Ж. Айдарбаев, М.О. Есбаева

Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қаласы,

E-mail: __meru_fmo@mail.ru

Мақалада 1994 жылғы ГАТТ XXII және XXIII баптарға интерпретация болып табылатын дауларды реттеу бойынша келісімге сәйкес ДСҰ мүшелерінің арасындағы халықаралық сауда дауларын реттеу ерекшеліктері қарастырылады. Соның ішінде ДСҰ-ның дауларды шешу бойынша органына және рәсімдік ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді. Дауларды реттеудің айрықша сатылары сарапталған.

Қазіргі әлемдік экономиканың жаһандануы мен халықаралық экономикалық қатынастардың белсенді даму кезінде халықаралық экономикалық даулар мәселесі ерекше мәнді иеленуде. Мемлекет экономикаларының терең интеграциялануы, халықаралық экономикалық байланыстардың кеңеюі жағдайында, кез келген экономикалық дау бүкіл әлемдік экономикалық жүйе тұрақсыздығына алып келуі мүмкін. Әлем мемлекеттерінің көбісі аталмыш даулардың бейбіт шешілуіне және экономикалық саясаттың «экономикалық соғыс» сияқты құралын қолданудан бас тартуға мүдделі. Соңғы он жылдықтарда экономикалық даулар саны артып, бұл үнемі әрекет ететін, сондай-ақ *ad hoc* құрылатын халықаралық сот мекемелер санының күрт өсуіне алып келді.

Кейбір халықаралық келісімшарттар дауларды шешудің ерекше рәсімдерін бекітеді. Мәселен, 1947 жылы қабылданған Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімі (General Agreement on Tariffs and Trade, ГАТТ) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық саудада жиналып қалған көптеген мәселелерді, соның ішінде дауламайларды шешудің уақытша және ымыралы жолы болды [1].

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 1948-1990 жылдар аралығында ГАТТ шеңберінде 207 сауда-экономикалық даулар шешімін тауып, олардың 88,4% сәтті аяқталған. Бұл ГАТТ-ң дауларды шешу тетігінің жоғарғы тиімділігін көрсетті. Осыған

қарамастан, 80-жылдар басынан дауларды шешу саласында ГАТТ қызметі мүше-мемлекеттер тарапынан қатаң сынға түсе бастады [2, 94-б.]. Осылайша, ГАТТ-қа мүше-мемлекеттер сегіз жылға созылған Уругвай раундының нәтижесінде, 1994 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуын бекіткен келісімге қол қойды. 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап Дүниежүзілік сауда ұйымы халықаралық сауда-экономикалық дауларды шешу аясындағы қызметін бастап, қазіргі кезде ДСҰ осы салада орталық мәнге ие.

Қазіргі кездегі ДСҰ-ның қызметіне, соның ішінде сауда-экономикалық дауларды шешу бойынша әрекеттерінің негізгі аспектілеріне тереңірек тоқталайық. ДСҰ шеңберінде дауларды реттеу 1994 жылғы ГАТТ-тың XXII және XXIII баптарын талдау және түзету болып табылатын Дауларды шешу туралы келісімімен анықталады. ДСҰ шеңберінде дауларды реттеу тетігінің негізгі мақсаты – ДСҰ ережелеріне сай ұйым мүшелерінің арасында орын алатын даулардың оң шешілуі және мәселені шешуде дауласушы тараптардың екеуіне де қолайлы жолдарын табуға ынталандыру [3]. Бұл тұрғыда, халықаралық құқық нормаларын бұлжытпай орындау осы мақсатқа жетудің бірден бір амалы болып табылатыны сөзсіз.

Тетікті қолдану тиімділігінің негізгі белгісі – ДСҰ-ға мүше-мемлекеттерінің міндеттемелері. ДСҰ келісіміне сәйкес, мемлекеттер орын алуы мүмкін сауда ережелерінің бұзылуына қарсы біржақты әрекеттерге бармауға міндеттенеді. Со-

нымен қатар мүше-мемлекеттер даулы сұрақтарды дауларды реттеудің көпжақты жүйесі шеңберінде шешуге және оның ережелері мен шешімдеріне бағынуға міндеттенеді.

ДСҰ-ға мүше-мемлекеттерінің міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету мақсатында көпжақты келісімдермен халықаралық дауларды шешу жүйесі құрылды. Ол ДСҰ құқығы бойынша міндеттемелерді бұзушы мемлекеттен зардап шеккен ДСҰ-ға мүше-мемлекетіне квазисоттық сипаттағы істің қарауына кірісіп, status quo орнатуға құқық береді. ДСҰ құру туралы келісімге №2 қосымша «Дауларды шешу ережелері мен процедуралар туралы келісімі» (ДШК) болып табылады. Ол ДСҰ құру туралы келісімнің 2-бабының 2-тармағына сәйкес, осы келісімнің ажырамас бөлігі болып есептеледі. ДШК-ның 3-бабында «ДСҰ дауларды шешу бойынша жүйесі бүкіл көпжақты сауда жүйесінің сенімділігі мен айқындылығын қамтамасыз етудің орталық элементі» деп нақты айтылған [4].

ДШК-ға негізделі отырып, Дауларды шешу бойынша орган (ДШО) әрекет етеді. Дүниежүзілік сауда ұйымының мүше-мемлекеттері арасындағы өзара сауда мәселелері осы органда қарастырылады. ДШО ДСҰ-ның басты органдар жүйесіне кіреді. Бұл органның функцияларын дауларды талқылау үшін жиналатын ДСҰ Бас кеңесі жүзеге асырады, яғни ДСҰ Бас кеңесі қандай да бір дауды шешу керек болған жағдайда, ол Дауларды шешуші орган ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар ДШО-ның өз төрағасы бар және ол рәсімнің өз ережелерін орната алады. ДШО шешімдері ұйымның мүше-мемлекеттерінің ішкі заңнамаларының алдында басымдылыққа ие, ал бұл өз кезегінде «ДСҰ құқығының» мүше-мемлекеттердің ішкі құқығынан жоғары болуын көрсетеді.

Дүниежүзілік сауда ұйымында барлық маңызды шешімдер ұйымның бүкіл мүшелерімен немесе министрлерімен (олар кем дегенде екі жылда бір рет кездеседі), елшілер және делегаттармен бірауыздан қабылданады. Осы тұрғыда ДСҰ Әлемдік банк, Халықаралық валюталық фонд сияқты бірқатар халықаралық ұйымдардан ерекшеленеді. ДСҰ-да өкілеттік құқығы директорлар кеңесіне, не болмаса ұйым басшысына берілмейді. ДСҰ мүшелерінің арасындағы келіссөздер нәтижесінде ДСҰ ережелері мүше-мемлекеттер саясаттарын өз нормаларына бағындырады. Аталмыш ережелер мүше-

мемлекеттердің өздері келіскен рәсімдерге (демократизм қағидасы) сәйкес қолданылады. Оның ішінде, сауда санкцияларын қолдану мүмкіндігі де бар. Алайда ДСҰ мүшелері ол санкцияларды салады және барлық қатысушылар бекітеді.

ДСҰ-ның осындай жүйесі бюрократиялық рәсімдері мемлекет саясатына әсер ете алатын (мысалы, несие бермеумен қорқыту) бірқатар басқа агенттіктерден өзгешелендіреді. 153 елден ымыраға қол жеткізу – өте ауыр міндет. Мәселеге осы жағынан келудің негізгі артықшылығы бұлай қабылданатын шешімдер барлық мүшелерге тиімді болуында. Шешім қабылдау рәсімінің күрделілігіне қарамастан, бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Бұл үрдісте ДСҰ келіспеушіліктерін реттеу жүйесі мен сүйенетін нормативті және саяси-технологиялық негізі үлкен рөл ойнайды [5].

ДСҰ аясында дауларды шешу үрдісін сараптайтын болсақ, ол келесідей 4 кезең барысында жүзеге асырылады: кеңесу, топ шеңберінде талқылау, апелляциялық үрдіс пен орындалуды қадағалау. Дауларды шешуді реттейтін Дауларды шешу ережелері мен процедуралар туралы келісімі сауда-экономикалық дауларды шешудің ең қолайлы құралы ретінде, ең алдымен, келіссөздер мен кеңесулер өткізу, делдалдық, ымыраластық және келісушілікті қолдану деп белгілейді. Осы келісім бойынша, бірінші кезеңде дауларды реттеуде өткізілуі міндетті шара болып табылатын кеңесудің басымдылығы ерекше. Кеңесу кезеңінің мақсаты – дауласушы тараптарға орын алып отырған жағдайлар мен заңды талаптарды дұрыс түсініп, басқа процедураларға жүгінбей дауды шешу. Дауларды шешу бойынша келісімде дауларды шешу тетігінің мақсаты даудың оңтайлы шешілуін қамтамасыз ету деп белгіленеді. Бұл кезеңде және бұдан кейінгі кезеңдерде кеңесулер нәтижесіз болған жағдайда, екі тарап қарсылық көрсетпесе, дау Бас директордың қарастырылуына өтуі мүмкін. Ол ресми құзыретімен (ex officio) тараптарға өзінің қызметтері мен олардың ымыраласуы мақсатындағы делдалдықты ұсынады.

Кеңесулер 1994 жылғы ГАТТ-тың XXII бабына немесе ДСҰ-ның соған ұқсас келісімдер ережелеріне сәйкес, едәуір коммерциялық мүдделері бар ДСҰ мүшелері үшінші тарап ретінде қосымша қатысушыларды тағайындауды талап ете алады. Кеңесу сұралған мүше-мемлекет коммерциялық мүдделері бар қатысушы талаптарымен келіссе, оған үшінші тарап ретінде кеңесуге қатысуға мүмкіндік беріледі.

Кеңесу өткізу тәсілі үшінші тараптармен анықталады. Дауларды шешу бойынша келісімде сауал қойылған күннен бастап, 30 күн ішінде және адал түрде болуы тиіс дегеннен басқа кеңесу өткізудің ешқандай ережелері көрсетілмеген [6]. Әдетте олар ресми тұлғалардың қатысуымен Женевада өткізіледі. Кеңесу барысында, екі тарап бір-бірінің ұсынып отырған ақиқаттары мен дәйекті наразылықтарын білуге тырысады. Кеңесу құрылымын өткізудің нақты рәсімдері мен ережелерінің жоқтығына қарамастан, кеңесулер көптеген даулардың шешімін табуына (немесе шағымнан бас тартуына) ықпал етеді.

Келесі кезеңде дауларды дербес қарастыру үшін ДСҰ арнайы комитеттерді (топтар) құрады және қызметтерін кең пайдаланады. Дауларды шешу бойынша ДСҰ органы нақты дауларды қарастыру, арнайы топтар дайындаған мәлімдемелерді бекіту, шешімдер мен ұсыныстардың орындалуын қадағалау, сондай-ақ ұсыныстарды орындамаған жағдайда жауап шараларды қолдануды санкциялау сияқты ерекше құзыреттерге ие. Орган әр дауды қарастырудың қатаң соңғы мерзімдерін бекітіп, апелляциялық инстанция (саты) құрады.

Арнайы комитет құру рәсімі айтарлықтай қарапайым. Егер кеңесулер 60 күн ішінде қажетті нәтижелер бермесе, арызданушы мемлекет ДШО-ға істі қарастыру үшін арнайы комитет құру туралы өтініш білдіреді. Әрекеттегі рәсімдерге сай, Дауларды шешу бойынша орган арызданушы мемлекеттің талабы алғаш қарастырылған уақыттан, яғни бірінші отырыстан кейінгі өтетін отырыста арнайы комитетті құруға міндетті.

Комитет бекітілген соң оған қатысушылар ретінде 3 адамды таңдау қажет. Ол үшін ДСҰ Хатшылығы дауласушы тараптарға мүмкін болатын топ мүшелерін ұсынады. Дауларды шешу бойынша келісім тараптарға Хатшылық ұсынысын «бұлтартпайтын дәлел» болса ғана қабылдамауға рұқсат береді [7]. Алайда тәжірибеде тараптар комитет қатысушыларына қарсылық білдіруге қатысты жеткілікті еркіндікке ие, себебі комитетті тағайындау жөніндегі сұраулар ДСҰ Бас директорына жіберілмеген жағдайларда, топ құрамын бекіткенде олардың келісімі керек [8].

Тараптар комитет бекітілгеннен кейінгі 20 күн ішінде топ құрамы мен кандидатуралармен келіспеген жағдайда, дауласушылардың кез келгені топты тағайындау туралы ДСҰ Бас директорына өтініш білдіреді. Бас директор 10 күн ішінде топ құрамын бекітуге міндетті.

Комитет келіп түскен шағымды талдау бойынша стандартты өкілеттікке ие. Сонымен қатар комитет Дауларды шешу бойынша органға ұсыныстар жасауға және өз ұйғарымдарын шығаруға көмектесетін қорытындылар жасауы тиіс. Тараптар өзара келісетін жағдайда, комитет басқа да өкілеттіктерге ие болуы мүмкін.

Дауларды шешу бойынша ДСҰ тетігінде апелляцияны қарастыратын тұрақты орган да бар. Апелляциялық орган 4 жылға өкілдік ететін 7 тәуелсіз сарапшыдан құралады. Бұндай органның қызмет етуі дауларды шешу үрдісін айтарлықтай өзгертеді. Ол заңды сараптама жасап, арнайы комитеттердің мәлімдемелерін талдаумен шектеледі [9]. Дегенмен апелляциялық орган топ шешімдерін қайта қарау жөнінде кең өкілеттікке ие. Ол комитет шешімдерін болдырмауға, өзгертуге, бекітуге толықтай құқылы. Дауларды шешу туралы келісімде шешімдердің комитетке қайтарылу мүмкіндігі қарастырылмаған [10].

ДСҰ шеңберінде дауларды қарастыру кезінде арнайы комитеттердің мәлімдемелері бекітіледі. Арнайы комитет мәлімдемелері тараптардың біреуі ресми түрде апелляцияға беретіні туралы жариялаған жағдайда және Дауларды шешу бойынша орган мәлімдемені қабыл алынбаған кезде қабылданбайды. Осындай рәсімді өткізу жеңіліс тапқан тарап арнайы комитет ұсыныстарын тәжірибеде орындамау мүмкіндігін азайту қажеттілігінен туындады.

Дауларды реттеу үрдісінің қорытынды кезеңі – орындалуды қадағалау болып табылады. Егер Апелляциялық орган және комитеттің шешімдері мен ұсыныстары белгілі бір мерзім ішінде орындалмаса, зардап шеккен тарап құқық бұзушы мемлекетке репрессалия (шет мемлекеттің өкімет орындарының, азаматтарының заңсыз ісіне қарсы жауап есебінде жасалатын халықаралық қысым шаралары) түрінде қарсы айып тағуға құқықты. Бұл үшін ол Дауларды шешу бойынша органынан оң «вето» алуы тиіс. Бастапқыда репрессалиялар даудың туындап отырған экономикалық қатынастар саласы шеңберінде қолданылуы тиіс. /195/. Егер өткізіліп отырған әрекеттер нәтижесіз болса, репрессалиялар сол саладағы сабақтас қызмет түрлеріне қолдануы да мүмкін. Егер бұл іс-шаралар да тиімді нәтиже бермесе, зардап шеккен тарапқа ДСҰ келісімдерімен реттелетін басқа салаларда әрекет етуге құқық беріледі.

Осы сараптама барысында, 1997 жылы пайда болған ГАТТ-тың дауларды шешу тетігіне

Уругвай раундымен енгізілген өзгерістер, яғни алдыңғы жүйе «soft law» ережелеріне сүйенсе, енді қарама-қайшылықтарды реттеу жүйесі «hard law» ережелеріне негізделетіні айқындалды.

Дүниежүзілік сауда ұйымының дауларды шешу тетігін толық түсіну үшін, ұйым тәжірибесінде орын алған Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық Одақ арасындағы америкалық компаниялармен ЕО-ға банан импортына қатысты ұзақ уақытқа созылған, кейін «банан соғысы» деп аталып кеткен дауды талдайық.

Аталмыш шиеленіс бірнеше америкалық компаниялардың Еуропа мемлекеттеріне Эквадор, Гватемала, Гондурас, яғни бұрынғы ағылшын және француздық отарларынан банан жеткізіп отыру ұмтылысынан басталды. Бірақ ЕО банан жеткізіліміне қатысты өзінің және еуропалық компаниялар мүдделерін қорғау мақсатында америкалық компаниялардың еуропалық нарыққа өтуіне белсенді түрде бөгет жасады. ЕО мен АҚШ арасындағы сауда соғысына АҚШ әкімдігінің Еуропалық Одақ Латын Америкасы елдерінен банан импортына еуропалық шекараларды ашатын болса, ЕО-дан алып келінетін кейбір өнім түрлеріне салық салынбайтыны жөніндегі мәлімдемесі түрткі болды [11].

Бұл дау ДСҰ Шағымдар мен наразылықтарды талдау бойынша Комиссиясында қарастырылғаннан кейін, 1998 жылы іс Дауларды шешу бойынша орган қарауына берілді. Комиссия шешіміне сәйкес, ДСҰ еуропалық одақты 1999 жылдың 11 қаңтарына дейін өзінің банан импорты режимін өзгертуге міндеттеді. Нәтижесінде ЕО АҚШ қысымымен баж салығын 100 пайызға көтере отырып, экспорттық өнімге тарифтік шектеулер енгізді. Бұл шығын сомасынан үш есеге асып кетуіне алып келді.

1999 жылдың сәуір айында ДСҰ Дауларды қарастыру органы АҚШ ұстанымын қолдады. Ол бойынша, ЕО банан импорты кезінде «халықаралық сауда қағидаларын бұзды». Осылайша, америкалық өнім жеткізушілердің шығындарын өтеу үшін ЕО-дан импортталатын бірқатар тауарларынан қосымша салық жинау жайында 1999 жылы 3 наурызда АҚШ жариялаған мәлімдемесінің жүзеге асуына жол ашты. Орган банан импортын реттейтін ЕО бекіткен ережелер АҚШ-тың сауда фирмаларын кемсітеді, банан импорттау саласында ЕО саясаты Дүниежүзілік сауда ұйымы қабылдаған ережелерге сәйкес келмейді деп мойындады [12].

2001 жылдың сәуірінде ЕО мен АҚШ арасындағы дау шешімін тапты. Вашингтон мен Брюссель арасындағы ұзақ келіссөздерден кейін, тараптар келісімге келді. Америкалық компания еуропалық нарыққа рұқсат алып, ал Вашингтон еуропалық тауарларға салынған, сомасы жылына 190 млн доллар құрайтын санкцияны алып тастады.

Қазіргі кездегі Бас кеңес төрағасы Йонов Фредерик Аганың (Нигерия) 2010 жылдың 19 наурызынан 2011 жылдың 24 ақпанына дейін Дауларды шешу бойынша органның төрағасы болды. Ол 2011 жылы ДСҰ дауларды шешу жүйесінің жетістіктері туралы айтқанда, құрылғанынан бері 400 дауды қарастырып, халықаралық дауларды шешу жүйелерінің ең жемістісі деп белгіледі. Шын мәнінде, Халықаралық сот 65 жыл қызмет етуі кезінде барлығы 150 дауды қарастырды. Теңіз құқығы бойынша, Халықаралық трибунал 1996 жылы құрылып, 15 іс қарады. Экологиялық мәселелер бойынша палата 1993 жылдан 2006 жылға дейін жұмыс істеп, бірде-бір іс қарастырмаған. Осындай мысалдарды талқылай отырып, Дүниежүзілік сауда ұйымының Дауларды шешу бойынша жүйесінің қаншалықты тиімді және нәтижелі екендігін айқын аңғаруға болатыны сөзсіз.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, жалпы алғанда, ДСҰ-ның дауларды шешу тетігі тиімді болып табылады. Сондай-ақ Дауларды шешу органымен мәселелерді қарастырудың нақты мерзімдері бекітілгендігін аңғардық. Бұл дауларды қарастырғанда оның тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Дегенмен И.Т. Бдоян пікірінше, шектеулі уақыт мерзімі еленбеуі мүмкін. Себебі мерзімге сай әрекет етілмеген жағдайда, ешқандай санкциялар енгізілбегендігін белгілейді [13]. Әрине, бұл пікірге де қосылуға болады. Кез келген дауды шешіп, оның шешімдері нақты орындалуы үшін белгілі бір міндеттемелердің қажеттілігі зор. Қарапайым қоғамдық қатынастар да құқық пен тәртіп қағидалары арқылы реттелуде. Ал жүздеген мемлекеттер мүдделерін жүйелендіру үшін, даулардың оңтайлы шешілуі үшін құқық бұзушы мүше-мемлекеттерге санкциялар қолданылуы керек.

Сонымен қатар ДСҰ аясында институционалды мүдделерді келісімге келтірудің кең қолданылған жүйесінің болуына қарамастан, мүше-мемлекеттердің саяси және экономикалық мүдделерінің әртүрлілігімен байланысты белгілі бір «проблемалық зоналардың» бар екен-

дігін белгілеген жөн. Мәселен, ДСҰ мағұлматтарына сүйенетін болсақ, 2009 жылдың басында антидемпингтік тергеулер 2008 жылмен салыстырғанда 40 пайызға артты. ДСҰ Бас директоры Паскаль Ламидің баяндамасы бойынша, 2009 жылы әлемдік сауда көлемі 2,1 пайызға қысқарды. ДСҰ шеңберінде дауларды шешудегі күрделі аспектісі – Апелляциялық орган мен арнайы комитеттердің шешімдеріне заңдылық күшін беріп, мүше-мемлекеттер мен оның азаматтарының ол шешімдерге көнетінін кепілдік беру болып табылады [14]. Бұл елеулі ресурстарды, кәсіби деңгейдің жоғарылауын және жалпы әлемдік қауымдастықтың ашықтығын қажет ететіні айқын деп есептейміз.

Қорыта келе, ДСҰ дауларды шешу жүйесінің әлемнің 153 мемлекетінің сауда-экономикалық қатынастарын реттеп қана қоймай, Дауларды шешу бойынша органы арқылы сол мемлекеттер арасында туындап отыратын әртүрлі даулардың оңтайлы шешілуін қамтамасыз етіп отырғанын аңғардық. Мемлекетаралық келіспеушіліктерді халықаралық құқық нормаларына сүйене отырып және барлық істерді тең дәрежеде қарастыратыны бұл тетіктің әділдігіне әрі тиімділігіне дәлел.

Әдебиет

1. Demaret P. the Metamorphoses of the FATT: From the Havana Charter to the World Trade Organization // Columbia Journal of Transnational law. –

1995. – Vol. 34. №1. – P. 123–171.

2. Бдоян И.Т. О механизме разрешения международных торговых споров в рамках ВТО // Вест. моск. ун-та. Сер.: 11. Право. – 1998. – №6. – С93-103.
3. Договоренность по правилам и процедурам урегулирования споров // Информационно-правовая база «Юрист».
4. Understanding on rules and procedures governing the settlement of disputes, art. 3 // Law and Practice of the World Trade Organization, Joseph F. Dennin // Booklet 2, March 1995, Oceana Publications, N.Y., L., Rome.
5. Understanding on Rules and Procedures Governing the Settlement of disputes (DSU), Article 3.4.
6. DSU, Article 4.3.
7. DSU, Article 8.6.
8. Based on the 45 panels selected to date. The range was from 12 to 140 days.
9. DSU, Article 17.6.
10. DSU, Article 17.13.
11. Weinstain M.M. The banana war between The United States and Europe is more than trivial trade spat // New York Times. – 1998. – 24Dec. – P.12.
12. Между ЕС и США разгорается банановая война // Евроновости. – 1999. – №5. – P.1.
13. Бдоян И.Т. О механизме разрешения международных торговых споров в рамках ВТО // Вестник Московского университета. Серия 11 «Право». 1998.
14. ДСҰ ресми сайты, <http://wto.org>

Айдарбаев С.Ж., Есбаева М. Особенности Органа ВТО по разрешению споров

Статья рассматривает некоторые особенности урегулирования споров международной торговли между членами Всемирной торговой организации (ВТО) в соответствии с соглашением по урегулированию спора, которое является интерпретацией статей XXII и XXIII ГАТТ 1994 года. В частности, статья сосредотачивается на органе по урегулированию Спора ВТО и уделяет особое внимание процедурным особенностям. Проанализированы особые стадии урегулирования спора.

Aidarbayev S., Yesbayeva M. Peculiarities of Dispute Settlement Body of the WTO

The article considers some peculiarities of international trade dispute resolution between the members of the World Trade Organization (WTO) in accordance with the Agreement on dispute settlement, which is an interpretation of 1994 GATT articles XXII and XXIII. In particular, The article focuses on a Dispute settlement body of WTO and gives special attention to procedural peculiarities. Particular stages of dispute settlement are analyzed .